

5 модуль

ПСИХОЛОГИЯНЫҢ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ (1945-1991) ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

10 дәріс. Еліміздегі алғашқы дербес психология кафедрасының дүниеге келуі (1946)

Республикадағы психология ғылымы, әсіресе соғыстан кейінгі жылдарда елеулі қарқынмен дами бастады. Оған да бірнеше сәтті жағдайлар себеп болды. Мәселен, 1947 жылы ҚазПИ-де республика бойынша тұңғыш психология кафедрасы құрылды. 1946 жылы БК(б)П Орталық Комитетінің орта мектептерде логика мен психологияны оқыту жөніндегі қаулысына сәйкес Қазақ университетінде логика және психология мұғалімдерін даярлайтын бөлім ашылды. 1951-1953 жылдар арасында осы бөлімді жүзге жуық адам бітіріп шықты. Бұлардың көпшілігі психологиядан мамандық алып, республиканың жоғары және орта арнаулы оқу орындарында мұғалімдік қызметке жолдама алды. 50-жылдары республика үшін психолог кадрларын даярлауда профессор Т. Тәжібаевпен бірге соғыс жылдары Саратовтан Алматыға келген профессор И.Л. Стычинский (1896-1969) зор үлес қосты. 1919 жылы сондағы университеттің медицина факультетін бітірген, ол жүйке аурулары кафедрасының әуелі ординаторы, кейіннен доценті қызметін атқарады. 1921-1926 жылдары халық ағарту институтында, университетте психологиядан сабақ береді. 1931

жылдан Саратов медициналық институтының кафедра меңгерушісі, ал 1935 жылдан профессоры. 1944-1949 жылдары Алматыдағы «Ана мен баланы қорғау» ғылыми-зерттеу институтының директоры, ал 1947-1969 жылдары Абай атындағы Қазақ пединститутының профессоры, психология кафедрасының меңгерушісі, 1958-1962 жылдары Қазақстан психологтар қоғамының төрағасы болды. Ол көптеген жеке еңбектер мен мақалалардың авторы. Олардың кейбірі: «Бөбектердің психологиясын зерттеу» (Саратов, 1921), «Психика және жүйке саласын зерттеу» (Саратов, 1925)» «Сөйлеу кемістігін топтастыру туралы» (Харьков, 1939), «Ойлау мен сөйлеу» (Халық мұғалімі, 1951, №4), «Педагогикалық психологияның бүгінгі таңдағы міндеттері» (Қазақстан міндеттері, 1967, №3), т.б.

Т. Тәжібаевтың КазМУ-дегі психология және логика бөлімін ашудағы рөлі (1947-1953) зор.